

Бекітілген

Абай облысы ҚБ "Көлік

колледжі" КМҚК директорының

19.06.2023 жылғы № 51-п

бұйрығымен

А. С. Нугымаров



ЕРЕЖЕ

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

Абай облысы білім басқармасының "Көлік колледжі"

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Абай облысы білім басқармасының "Көлік колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі-заң).

2. Осы ереже колледждегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функцияларын, оқілеттіктерін айқындауды.

3. Колледж өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздагы № 112 бұйрығымен бекітілген үлгі ережені ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы ережені бекітеді.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже колледждің реңми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы ережеде мынадай негізгі үгымдар пайдаланылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – колледжben және қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сактауын камтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға тәсестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық

міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын калыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ак сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумактық белімшелері.

6. Колледже негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасын сактаудың қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаудың құрылымдық белімшіліктерінде жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаудың жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаудың құрылымдық белімшіліктерінде жауапты тұлға колледждің директорлар кенесі, байқау кенесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаган жағдайда, колледждің басшысы айқындалады.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілдіктерін колледждің аткарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумактық белімшелері көрсетеді.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын колледждің басқа құрылымдық белімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Занмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді колледждің директорлар кенесі, байқау кенесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз

басқару органы, көрсетілген органдар болмagan жағдайда колледждің басшысы бекітеді.

2-тарау. Сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қагидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

12. Сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты тиесті колледждің мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасын сактауын камтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) колледжben және оның қызметкерлерімен сыбайлар жемкорлық құбық бүзушылықтарды ескерту және алдын алу күралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) колледже сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) колледже сыбайлар жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;

4) сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

5) Занга сәйкес, сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қагидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;

14. Колледж сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жузеге асыру кезінде мынадай қагидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;

4) сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенсті жузеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жузеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

колледждің сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимылдының ішкі саясаты;

колледж қызметкерлері үшін сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулық;

колледже мүдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамага сәйкес сыбайлар жемкорлыққа қарсы стандарт;

сыбайлар жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

колледж қызметкерлерінің сыбайлар жемкорлыққа қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бүзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

- 2) колледже сыйбайлас жемқорлықка қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу" үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрагасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес колледждің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үйлестіреді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның және колледждің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізетін колледждің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауга қатысады;
- 5) колледже анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 6) колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) колледждің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын үйымдастырады;
- 8) колледж қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саясатын және корпоративтік әдел пен мінез құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 9) колледж ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдел нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;
- 11) колледждің құрылымдық болімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындаудына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 12) мұдделер қақтығысын, оның ішінде колледждің жұмыска орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) колледже сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 15) колледждегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;
- 16) колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 17) колледждің құрылымдық болімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асуру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша колледждің күрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тыңдайды;

19) колледждің басшысына анықталған сыйбайлас жемкорлық тәуекелдерін жою, колледждің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) колледж қызметінің ерекшелігіне карай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қақтығысының туындауына әкеп сокпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орныкты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қогамдық бірлестіктермен, сондай-ак өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;

16. Колледждің директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен көрсетілген органдар болмаган жағдайда, колледждің басшысы сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және енбекке ақы төлеудің шарттарын айқындаиды.

17. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

18. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша колледж басшысының шешімімен сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің күрылымы, штат саны (сандық курамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі науразымдық нұсқаулықтармен немесе сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындаитын күжаттармен айқындалады және оларды колледждің басшысы бекітеді.

20. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің күрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаган жағдайда, колледждің басшысына ұсыныс береді.

21. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан колледждің басқа күрылымдық бөлімшелеріне, сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің күзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарга жіберілетін күжаттар мен сауалдарға сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

22. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы үәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар откізетін оқыту іс-шараларына катысу арқылы үнемі касіби біліктілігін арттыруы қажет.

23. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

1) коллеждің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, коллеждің басшысына директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының карауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) коллеждің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талаң етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі үәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге катысады;

7) коллеж қызметкерлерінің коллежде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не коллежде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

24. Өз қызметтің жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) коллеж және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышының сақтайты;

2) коллежде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының камтамасыз етеді;

3) коллеждің директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, коллеждің басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі үәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) коллеждің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайты.

25. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар катысқан процестерді тексеруге катысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындан зиян келтіретін ретінде кабылданатын кез келген әрекетке катысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұксан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлыктарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мудделер кактығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

26. Колледж басшылығы:

1) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауга, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуі жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен косымшаларды (каждетті дереккорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қаждетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің қызметі, алеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен күзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің, колледждің күрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-кимылы жұмыстарғы өзара сыйпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. Колледждің күрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесідей жәрдемдеседі:

1) осы Үлгілік ереженің 14-тармагы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қаждетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастырылған мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

29. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет колледже қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа карсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органга жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органының сұрау салуы бойынша колледже қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа карсы шаралар бойынша косымша ақпарат жібереді.

30. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет колледждің директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмagan жағдайда, колледждің басшысына мерзімді турде есеп береді. Колледждің басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет Занының 24-бабы 1-тармагына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Комплаенс-офицieri

 Е.А. Бородатова